

## "Қаратай" акционерлік холдинг компаниясын құру туралы

### **Күшін жойған**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 27 тамыз 1992 ж. N 707. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.07.31. N 1046 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Материалдық өндіріс салаларында меншікті мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру жұмыстарын жандандыру жөніндегі шаралар туралы" 1992 жылғы 28 сәуірдегі N 732 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Қазфосфор" ассоциациясының мемлекеттің қатысуымен "Қазфосфор" ассоциациясы кәсіпорындарының негізінде "Қаратай" акционерлік холдинг компаниясын құру туралы Қазақстан Республикасының фосфор өнеркәсіп орындары мен Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетті қолдаған инициативасы мақұлдансын.

"Қаратай" акционерлік холдинг компаниясын құрудың және қызметінің негізгі мақсаты біртұтас экономикалық және технологиялық қеңістікті қалпына келтіру мен дамыту, сондай-ақ фосфор өнеркәсібінің кен базасын оның құрамына кіретін кәсіпорындар мен ұйымдардың еріктілігі және өзара мұдделілігі негізінде қолдау және дамыту деп белгіленсін.

2. "Қаратай" акционерлік холдинг компаниясы жерді пайдалану, пайдалы қазбаларды өндіру мен ұқсату саласындағы хұқықты қоса алғанда "Қазфосфор" ассоциациясының заңды мұрагері болып табылады деп белгіленсін.

3. "Қаратай" акционерлік холдинг компаниясының құрамына басқа салалардың кәсіпорындары мен ұйымдарының, сондай-ақ шетел инвесторлары мен кәсіпорындарының ерікті түрде кіру мүмкіндігіне қолдау білдірілсін.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеттіне "Қаратай" акционерлік холдинг компаниясына "Қазфосфор" ассоциациясының кәсіпорындары мен ұйымдарының қарауындағы республикалық меншіктің мүлкін мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру мәселелерінде сенімді өкіл хұқын беруге ұсыныс жасалсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК